

«City Transportation Systems» ЖШС	«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін беру қағидалары	7 беттің 1-беті
--	---	------------------------

**«City Transportation Systems»
ЖШС Басқармасының
2023 жылғы «__» _____
№ ____ шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

**«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін
мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидалары**

Астана қ., 2023 жыл

«City Transportation Systems» ЖШС	«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін беру қағидалары	7 беттің 2-беті
--------------------------------------	--	-----------------

1. Жалпы ережелер

1. Осы «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және жылжымайтын мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шарт – жалға беруші мен жалға алушы арасындағы жылжымайтын мүлікті мүліктік жалға беру (жалдау) шарты;

2) интернет-ресурс – Серіктестіктің <https://transcard.kz>, <https://cts.gov.kz> сайттары;

3) конкурс – бұл Серіктестік өзі қабылдаған бастапқы шарттар негізінде объект үшін жалдау ақысының ең көп сомасын ұсынған конкурсқа қатысушымен шарт жасасуға міндеттенетін, объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру жөніндегі сауда-саттық нысаны;

4) қосылған құн коэффициенті (пайыз) – конкурс жеңімпазы ұсынған жалдау ақысының сомасы мен бастапқы бағадан пайыздық қатынастағы бастапқы баға арасындағы айырма;

5) жалға беруші – «City Transportation Systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік);

6) жалға алушы – мемлекеттік емес заңды тұлға;

7) конкурсты ұйымдастырушы – объектіні (объектілерді) мүліктік жалға (жалдауға) беруге бастамашылық жасайтын Серіктестіктің құрылымдық бөлімшесі;

8) мүліктік жалға беру (жалдау) объектісі (бұдан әрі – объект) – Серіктестіктің меншігіндегі, сенімгерлік басқаруындағы немесе өзге де заңды негіздегі паркингтер, тұрақ орындары, көшедегі ашық тұрақтар және тұрғын емес үй-жайлар;

9) конкурс жеңімпазы – конкурстың барлық талаптарына сәйкес келетін, конкурс объектісі үшін неғұрлым жоғары жалдау ақысын ұсынған және конкурстық комиссия жеңімпаз деп таныған конкурсқа қатысушы;

10) бастапқы баға – жалға беруші конкурстық құжаттамада белгілеген объектінің (объектілердің) жалдау ақысының мөлшері;

11) конкурсқа қатысушы – конкурсқа қатысу үшін өтінім берген мемлекеттік емес заңды тұлға;

3. Конкурсты ұйымдастырушы Серіктестік Басқармасының қарауына объектіні (объектілерді) мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы мәселені шығарады.

«City Transportation Systems» ЖШС	«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін беру қағидалары	7 беттің 3-беті
--------------------------------------	--	-----------------

4. Объектіні (объектілерді) мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы мәселені қарау нәтижелері бойынша Серіктестік Басқармасы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) бастапқы бағаны белгілей отырып, объектіні (объектілерді) мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы;

2) объектіні (объектілерді) мүліктік жалға (жалдауға) беруден бас тарту туралы;

5. Конкурсты ұйымдастырушы Серіктестік Басқармасы объектіні (объектілерді) мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру бойынша конкурс өткізуді қамтамасыз етеді.

2. Жылжымайтын мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беру жөніндегі конкурсты өткізу тәртібі

Конкурсты өткізуге дайындық

6. Конкурсты дайындау және өткізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы:

1) конкурстық комиссия құру туралы бұйрықтың жобасын дайындайды;

2) конкурсты өткізу мерзімдерін белгілейді;

3) конкурстық құжаттаманың жобасын дайындайды;

4) конкурс өткізу туралы хабарландыру жобасын дайындайды;

5) конкурс өткізу туралы хабарландыруды интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етеді;

6) конкурстық комиссияның шешімдерін ресімдейді;

7) шарт жобасын дайындауды жүзеге асырады;

8) конкурс жеңімпазымен шарт жасасуды қамтамасыз етеді.

7. Конкурстық комиссияның құрамына Басқарма мүшесі (мүшелері), өзге де басшы қызметкерлер, Серіктестіктің мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері енгізіледі.

Конкурстық комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адамды құрайды. Комиссия төрағасы конкурсты ұйымдастырушыға жетекшілік ететін басшы болып табылады. Комиссия құрамы Серіктестіктің Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастырушының қызметкерлері арасынан тағайындалады және дауыс беру құқығы болмайды.

Конкурстық комиссияның отырыстары, егер қатысушылардың немесе оларға ұсынылған қатысушылардың жиынтығында жалпы дауыс санының жартысынан астамы болса, заңды болып табылады. Күн тәртібіне енгізілген

«City Transportation Systems» ЖШС	«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін беру қағидалары	7 беттің 4-беті
--------------------------------------	--	-----------------

мәселе бойынша шешім білікті көпшілік дауыспен немесе бірауыздан қабылдануы тиіс жағдайларда, егер конкурстық комиссияның қатысушылары немесе оған ұсынылған қатысушылары жиынтығында жалпы дауыс санының үштен екі бөлігінен астамын иеленсе, жиналыс шешім қабылдауға құқылы болады.

8. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізу туралы хабарландыруды интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етеді. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялаумен бір мезгілде интернет-ресурста конкурстық құжаттама да орналастырылады.

9. Конкурстық құжаттама келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Серіктестіктің атауы;
- 2) конкурс объектісі (объектілері) туралы қысқаша сипаттама;
- 3) конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау мерзімі мен орны;
- 4) конкурсты өткізу күні, уақыты және орны;
- 5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;
- 6) конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар;
- 7) конкурс өткізу шарттары мен тәртібі;
- 8) объектіні (объектілерді) мүлктік жалға беру (жалдау) мерзімі;
- 9) бастапқы баға мөлшері;
- 10) жалдау төлемін төлеу кезеңділігі;
- 11) конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар;
- 12) конкурс объектісімен (объектілерімен) танысу мерзімдері мен шарттары (қажет болған жағдайда);
- 13) шарт жобасы;
- 14) конкурстық комиссия хатшысының байланыс телефоны.

10. Конкурстың шарттары өзгерген не конкурстың күші жойылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталған күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын конкурстың өзгеруі немесе күшін жою туралы хабарландыруды интернет-ресурста жариялайды.

Конкурс шарттарының өзгеруі не конкурстың күшін жою туралы хабарландыру жарияланғанға дейін конкурсқа қатысуға өтінім берген тұлғаларға конкурсты ұйымдастырушы енгізілген өзгерістер туралы жазбаша хабарлама жіберуді қамтамасыз етеді.

Конкурсты өткізу

11. Конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап жүргізіледі және конкурс өткізілгенге дейін бір тәулік бұрын аяқталады.

«City Transportation Systems» ЖШС	«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін беру қағидалары	7 беттің 5-беті
--------------------------------------	--	-----------------

12. Конкурса қатысушы ретінде тіркелу үшін конкурса қатысушының уәкілетті өкілі қол қойған конкурстық құжаттамада белгіленген нысан бойынша хабарландыруда көрсетілген Серіктестіктің мекенжайына конкурса қатысуға өтінім жіберу қажет.

13. Конкурса қатысушының өтінімі конкурстық құжаттамада көрсетілген конкурса қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелерін қамтуы тиіс.

Құжаттардың көшірмелерін Серіктестік конкурса қатысушының мөрімен (бар болса) бекітілген мөрленген конвертте қабылдайды.

14. Өтінімдер және оларға қоса берілетін конкурса қатысушылардың құжаттарының көшірмелері Серіктестікте сақталады және конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген уақыт пен күнге дейін қарау үшін қолжетімді болмайды.

15. Конкурс хабарландыруда көрсетілген күні өткізіледі.

16. Конкурстық комиссия конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген конкурстың күні мен уақытының басталысымен өтінімдерді ашуды жүргізеді.

17. Конкурстық комиссия өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін конкурс жеңімпазын айқындау мақсатында қарайды.

18. Конкурсты өткізу кезінде объект (объектілер) үшін жалдау ақысының ең көп сомасын ұсынған және конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға жауап беретін конкурса қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Қатысушылар ұсынған жалдау ақысының сомалары сәйкес келген (тең) жағдайда өтінімді бұрын тіркеген конкурса қатысушы жеңімпаз болып танылады.

19. Конкурстық комиссия конкурс қорытындыларын шығару үшін конкурса қатысушылар ұсынған құжаттардың конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізеді.

20. Конкурс өткізілген жағдайда, конкурстың әрбір жеңімпазы үшін қосылған құн коэффициенті қалыптастырылады.

21. Егер конкурс өткізілетін күнге қатысушылардың екіден аз өтінімі берілсе немесе конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін конкурса қатысушылар екіден аз болса, конкурс өтпеген болып танылады. Бұл ретте Серіктестіктің сол шарттарда қайта конкурс өткізуге құқығы бар.

22. Қайта конкурс өткізу кезінде бір өтінім берілген жағдайда, осындай өтінімді берген және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін қатысушы конкурс жеңімпазы болып жарияланады.

23. Конкурса қатысушылардың болмауы немесе олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі себебінен қайталама конкурс өтпеген

«City Transportation Systems» ЖШС	«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін беру қағидалары	7 беттің 6-беті
--------------------------------------	--	-----------------

болып танылған кезде, Серіктестік бастапқы бағаны қоспағанда, өткізілген конкурстарда көзделген талаптармен шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы объектіні (объектілерді) қолданыстағы жалдаушы(лар)ға конкурс өткізбей беруге құқылы.

24. Осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген жағдайларда әрбір жұмыс істеп тұрған жалға алушы үшін объект (объектілер) бойынша жалдау ақысының құны объектінің (объектілердің) бастапқы бағасына ол үшін белгіленген қосылған құн коэффициентін қосу жолымен есептеледі.

25. Бірнеше жұмыс істеп тұрған жалға алушы болған жағдайда, қосылған құнның ең жоғары коэффициенті бар жалдаушы шартқа қосымша келісім жасасу басым құқығына ие болады.

26. Жұмыс істеп тұрған жалға алушы бірнеше конкурста жеңімпаз болған жағдайда, жалға алушыға қосылған құнның ең жоғары коэффициенті белгіленеді.

27. Конкурс қорытындылары туралы хаттаманы конкурсты ұйымдастырушы интернет-ресурста олар шығарылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырады.

Конкурс нәтижелерін ресімдеу

28. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс нәтижелері интернет-ресурста жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде конкурс жеңімпазына шарт жобасын жібереді.

29. Шарт жазбаша нысанда жасалады және оған конкурсты ұйымдастырушы конкурс жеңімпазына шартты жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Серіктестіктің уәкілетті өкілдері және конкурс жеңімпазы қол қояды.

30. Конкурс жеңімпазы белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаған, сондай-ақ шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы конкурс нәтижелерінің күшін жою туралы акт жасайды және интернет-ресурста жариялайды.

31.1 (бір) жылдан астам мерзімге жасалған шарт мемлекеттік тіркеуге жатады. Мемлекеттік тіркеуді жалға алушы жүзеге асырады.

3. Объектіні конкурс жеңімпазына беру

32. Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тараптардың уәкілетті өкілдері қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы Серіктестік объектіні (объектілерді) конкурс жеңімпазына береді.

33. Қабылдау-беру актісінде:

Осы құжатты «City Transportation Systems» ЖШС рұқсатынсыз басып шығаруға және таратуға болмайды

«City Transportation Systems» ЖШС	«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін беру қағидалары	7 беттің 7-беті
--	---	------------------------

- 1) актінің жасалған орны мен күні;
- 2) оларға сәйкес өкілдерге тараптардың мүдделерін білдіруге уәкілеттік берілген құжаттардың атауы мен деректемелері;
- 3) оған сәйкес объектіні (объектілерді) беру жүргізілетін қол қойылған шарттың нөмірі мен күні;

4) берілетін объектінің (объектілердің) атауы, оның (олардың) орналасқан жері, техникалық сипаттамалары және анықталған ақаулар тізбесімен жай-күйі көрсетіледі.

34.Қабылдау-беру актісіне тараптардың өкілдері қол қояды және мөрлермен (бар болса) куәландырылады.

35.Қабылдау-беру актісі үш данада жасалады, оның біреуі Серіктестікте, біреуі конкурс жеңімпазында және біреуі шартты тіркейтін мемлекеттік органда сақталады.